

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Жанрды анықтаудың когнитивті  
тәсілі





**Мақсаты:** постструктуралистердің шығарма жанрларын зерттеуі және Шекспирдің «Отелло» пьесасының жанрлық табиғатына когнитивті талдауымен таныстыру.

**Тірек сөздер:** постструктурализм, когнитивті талдау, жанр, реклассификация, трагедия, дискурс.

Әдебиетті жалпы көркемөнерді танудың соңғы ізденістерінде когнитивті тәсілдің кең тарағанын байқау қиын емес. Лингвистикада бұл тәсіл тіл мен танымның арақатынасын, дүниетанымдағы тілдің орнын, адамның танымдық мүмкіндіктерін айқындауда кеңінен көрініс табады. Ал әдебиеттегі бұл тәсілдің орны қандай? Мұны бір анықтама аясында шектеп қоюға болмайды. Себебі көркем туындының өзі жеке дара когнитивті үдеріс. Әдебиет адамтану ғылымы болғандықтан оның танымдық процесінің ауқымы біз ойлағаннан да анағұрлым кең. Соңғы кезде көптеген батыстық әдебиеттанушылар осы тәсілдің адамның жан әлемі мен тән әлеміндегі орнына айрықша назар аударуда. Таяуда жарық көрген «Когнитивті әдебиеттану бойынша оксфордтық анықтамалық» та осының бірден бір дәлелі. Сонымен бірге әсіресе, соңғы 15–20 жылда когнитивті әдебиеттануға қатысты көптеген зерттеулер мен оқу құралдары да жарыққа шықты.

Көркем сөзді танудың құрылымдық тәсілдерін тірек еткен бұл тәсілдің аясы бүгінде – когнитивті нарратологиядан жеке образдардың тарихына дейінгі аралықты қамтып отыр.

### Постструктурализмнің шектеулігі

Элизабет Харт постструктурализмнің аясынан шығып, дискурсты шығарманың жанрын анықтау құралы ретінде қарауды ұсынады. Харттың ойынша, мұндай алға жылжу «дискурс» терминінің постструктуралистік дәстүрде ескіріп қалғанына байланысты туындап отыр. Ғалым бұл терминді «тәжірибе», кейде тіпті, «тарих» терминінің синонимі ретінде қарайды. Мишель Фуко көрсеткендей, дискурстың мүмкіндіктері бүгінгі таңда әдеби зерттеулердің дамуына қарқындылық қосқанымен, көпшілік ғалымдар бұл жаңашыл үлгі «маңызды» болған «ескінің» орнына келген деп есептейді. Бұл жаңа үлгі тілдің либералды-гуманитарлы үлгісін құрастыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде танылды. Жаңа үлгі туралы Фуконың «Білім археологиясы» еңбегіндегі мына анықтамасын ескеріп кетелік: «Дискурс – субъектінің ойлауы, білімі мен сөйлеуінің жалпылама көрінісі емес, керісінше, субъект пен оның өзімен-өзі арасындағы құлдырауын анықтайтын жиынтық» (1). Эссенциалистік үлгіні үдеріс үлгісімен алмастыруға талпына отырып, Фуко «субъектінің ойлауы, білімі мен сөйлеуі» жоққа шығарып, адам баласының білім құралы – феноменді аппарат екенін де мойындамайды.

Жалпы алғанда, мұндай анықтамалар адамның ақылын, тұжырымдау және қиялдау қабілеттерін жоққа шығарып тұрғаны айқын.

Тәжірибе жүзінде, тағдырдың тәлкегі болар, әйтеуір постструктуралистік теоретиктер «категорияны» дискурс пен идеологияны сипаттау үшін қолданады. Алайда теоретиктердің кейбірі, Э. Харттың айтуынша, семантикалық категориялар мен жүйелердің құрылымы мен қалыптасуы – ғылыми зерттеулердің негізгі мәселелері болып табылатынын жақсы түсінеді. Басқаша айтқанда, тіл теориясы «субъектінің ойлауы, білімі мен сөйлеуі» туралы тұжырымнан қандай пайда көрсе, постструктурализм де сондай пайданы көздейді. Постструктурализм интеллектуалды жүйе секілді ойлау, білім және сөйлеу секілді феноменологиялық құбылыстармен осыған дейін бетпе-бет келіп көрмеген.

### Когнитивті аспект

Элизабет Харт постструктуралистік сценарийдегі когнитивті аспектіні кереғарлықтар мен қарама-қайшылықтарды шешу үшін, сондай-ақ семантикалық категорияны зерттеуде дискурсиясы пайдалану үшін қолданады.



Дарвиннің материалистік онтологиясы мен Дерриданың материалистік эпистемиологиясының өзара ұқсастығы туралы тұжырымдарында Элизабет Харт когнитивті тәсіл онтология тудыратын қауіптен құтқаратынын айтады. Аталған тәсіл жүзеге асырылған ақылды «жалпылыққа» интеграциялайды. Адам баласының ақылы осы дискурсты құрастыруда маңызды рөл атқарады. Элизабет Харт сөз еткен когнитивті перспектива пәнаралық зерттеулерден келіп шығады. Пәнаралық байланысты әртүрлі салалардың мамандары – тілшілер, философтар, антропологтар, когнитивист-ғалымдар жүзеге асырады. Бұл зерттеулерге когнитивті ғылымның «екінші буын» деп аталған тәсіл кіреді. Екінші буынды когнитивті ғылымды сипаттайтын тәсілді бағаламай қоюға болмайды, себебі ол философиялық рационализмнен бас тартуды білдіреді. Ақыл-ой мен реализм тұжырымдамасынан алға қарай жылжу жаңа когнитивті-ғылыми тәсілдерді қалыптастырды: адамның бас миынан ойша виртуализациялауға дейін, мәселені шешу, категориязация, тілді өңдеу, дискурсты түсіну т.б.

Когнитивті зерттеулердің аясында лингвистиканың жаңаша акценттері пайда болды. Атап айтсақ, когнитивті лингвистика – семантикалық категориялардың теориясы болып табылады. Бұл оны жанр теориясының мәселелері үшін өзекті етеді. Когнитивті лингвистика постструктурализмнің маңызды философиялық нормаларына сәйкес келеді. Олардың арасындағы ұқсастық бір қарағанда, тым жалпы көрінуі мүмкін. Екі бағдарлама да пострационалістік және реалистік емес эпистемиологияны анықтауға арналған. Екі бағдарлама да метафораны ақпараттың басты арнасы ретінде қарастырады. Екеуі де тілдік жүйе мен білімнің ашық болуын талап етеді. Постструктурализм секілді, когнитивті лингвистика идеализмді мойындамайды.

### Когнитивті-лингвистикалық теория

Когнитивті-лингвистикалық теорияда семантикалық категориялар – бір жағынан, сенсорлы және кинестикалық ақпарат пен екінші жағынан, менталды түсініктер арасындағы өзара байланыстың нәтижесі ретінде қаралады. Категориялар жоғары-төмен бағытында құрылымдаудан тәжірибенің құрылымсыздығына қарай қозғалып отырады. Біздің денеміз жеткізіп отыратын эмпирикалық ақпараттар – біздің біліміміз бен тәжірибеміздің абстрактылы құрылымдары болып саналады. Білім мен мағына дененің физикалық және әлеуметтік өзара қарым-қатынасына байланысты. Ақыл идеясы – сенсомоторлы эпизодтардың (тежеу, қақтығысу, босату, қозғалу, тарту, күштеу т.б.) қарапайым конфигурациясы. Содан кейін бұл конфигурациялар концептуалды метафораның көмегімен тәжірибенің қосымша салаларына проекцияланып, жаңа категорияларды қалыптастырады. Категориялардың әрқайсысы одан ары өсуі және кең таралуына өзек болып табылады.

Элизабет Харт «Отелло» пьесасына жасаған талдауында қолданылатын контейнер сызбасын мысал ретінде пайдаланады. Марк Джонсон байсалдылық – дененің кең таралған ерекше қасиеті деп біледі. Біздің денеміз – үшөлшемді контейнер, оған біз белгілі бір заттарды орналастырамыз (азық, су, ауа). Осы үш заттан басқа заттар келіп шығады – азықтық және су қалдықтары, ауа, қан т.б. Басынан бастап біз қоршаған ортамызда белгілі бір деңгейде физикалық шектеулерге тап болып тұрамыз. Біз бір киімнен екіншісіне, бір бөлмеден екіншісіне, транспорттық көліктерге немесе басқа да шектеулі кеңістіктерге орын ауыстырып отырамыз. Біз белгілі бір объектілерді басқарып, өзіміздің контейнерімізге ендіріп отырамыз – кеселер, қораптар, банкелер, сөмкелер т.б. Кеңістіктік шектеуліктердің арқасында біз өзгермелі бейімділік туралы қорытынды жасай аламыз. Контейнердің негізгі контурлары шектеулікті білдіретін параметрлердің шеңберін бейнелей алуы мүмкін. Бұндай қарапайым құрылымның нәтижесі – «кіру» және «шығу» ұғымдары. Біз өзіміздің абстрактылы жағдаяттарда қораптағы ойыншыққа деген реакциямыз сияқты қарауға дағдыланып барамыз. Семантикалық категория ұғымы да контейнердің сызбасына ұқсайды: мағына бірліктері контейнер, ал семантикалық элементтер – тұжырымдама құра алады.



## Дискурстың когнитивті-лингвистикалық семантикасы

Элизабет Харт постструктурализм когнитивті-лингвистикалық (рационалды емес, идеалды емес) семантика аясында дискурсты қалай түсініп, неге қол жеткізеді деген сұрақ қояды. Біріншіден, дискурс пен түсініктерге анықтама беруге қажетті теориялық тұрғыдан қамти алады. Екінші жағынан, постструктурализм пәнаралық зерттеулерде өзінің ұстанымдарын апробациялай алады. Бірақ ең бастысы – материалистік онтологияны мойындауы. Материалды шектеулерді іздеу айтарлықтай оңай дүние емес, ол – әдебиеттанудың қазіргі заманғы тарихи мектептері қарастыратын ең маңызды мәселесіне айналып отыр. Дискурсқа қатысты материалды шектеулер сананың шынайы көріністерінен туындайды. Былайша айтқанда, адам миы мен ақылының коалициялық құрылымдары дискурс, идеологияға көшіріліп, сол арқылы әдеби мәтіндердің құрылымында жанр ретінде қарала бастайды. Постструктурализм теоретиктері әдеби жанрлар біздің санамызда дискурс арқылы емес, әдеби жүйе арқылы көрініс беретінін айтып бағуда. Ал әдеби жүйе – адамның жүзеге асырылған тәжірибесі.

## Мәтінді талдаудың когнитивті тәсілі

Сана дискурсты қалай қалыптастыратынын білу үшін Элизабет Харт дискурстардың біріндегі семантиканы алып қарайды. Шекспирдің «Отелло» пьесасын мысалға ала отырып, мәдениеттің материалистері мен «жаңа историзм» өкілдері бір-бірімен тарихи әдіснама арқылы байланысқанын айқындай аламыз. Тарихи әдіснама «мавр» сөзін Қайта өркендеу дәуіріндегі Венецияның әлеуметтік иерархиясына орналастырылған нәсіл деп қарайды. Энтони Бартелеми «мавр» сөзінің этимологиясын біріншіден, грек және латын тілдеріндегі «қара» сөзінен шыққанын; екіншіден, Солтүстік Африканың Мавритания деп аталатын испандық аумағының атауынан шыққанын; үшіншіден, сөздің ерте кездегі және қазіргі қолданысы арасында мағынаның тарылып, алғашында «қара нәсілді африкандықтар» мағынасын бергенін, одан кейін мағынасы кеңейіп, ақ нәсілділерді ағылшын-христиандық бейнелеу ұғымын бергенін айтады. Бұл сөз ерте кездері қара нәсілді африкандықтарды, ақ нәсілді африкандықтарды, мұсылмандарды, түркілерді, сарациндықтарды, азиаттарды, үндістерді, тіпті жергілікті американдықтарды атау үшін қолданылған. Көне тропқа сүйенсек, қара түс – жамандықтың метафорасы болған, ал қара нәсілді адамдар – христиан дәстүрінде күнәһар адамдар деп танылған. Оған Нухтың күнәһар баласы – Хам мен қара нәсілді африкандықтар арасында генеологиялық байланыс бар деген тұжырым себеп болса керек. Хамның күнәсі сексуалды формада болды, қара нәсілділер мен маврлар – арам ниетті адамдар деген мағынаны беріп отырған. Жергілікті африкандықтарды қара ниетті деп қабылдаған ағылшындар маврларды жыртқыш аңдарға теңейді. Қара нәсілді адамдарды сайтанмен тікелей байланыстыру – елдер арасында сауда-саттық немесе әскери байланыстарды орнатардан қанша ғасырлар бұрын қалыптасқан үрдіс болды. Қара түсті сайтан туралы аңыздар ортағасырлық пьесаларда жиі кездеседі. Мұнда жаман күштер міндетті түрде қара түсті киім киіп, тіпті жүздері қарайып кеткен болып суреттелген.

Мавр сөзінің семантикасына баға берген сыншылар Шекспирдің «Отеллосындағы» осы стереотипке таңғала қарайды. Шекспир нәсілдік метафора қолданып, жамандықты қара нәсілге емес, ақ нәсілді адамға, Ягоға тән етіп суреттейді. Яго мен Родригоның нәсілдік эпитеттері – «қартайған қара қошқар» және «білектей ерін». Дездемонаны өлтірген соң Эмилия дөрекі сындар тағады: «Сен қаншалықты қара ниетті сайтан болсаң, ол соншалықты әппақ періште еді». Воган осы сөздер пьесадағы нәсілдік семантиканы айқындап тұрғанын жазады. «Нәсілдік айырмашылық дискурсы пьесада ғана емес, Шекспирдің мәдениетінде де, тіпті, біздің мәдениетімізде де орын тепкен. Нәсілшілдіктен құтылу үшін дөрекі сөздері жоқ жаңа тілді ойлап табу керек. Әсіресе, ақ пен қара сөздерін мүлдем қолданбаған жөн» – дейді Воган. Оның бұл сөздері дискурстың қаншалықты күрделі әрі құпияға толы екенін көрсетеді.

«Отелло» пьесасындағы нәсілдік және нәсілшілдік семантиканы когнитивті-постструктуралистік тұрғыдан көру мынадай бағыттарды қалыптастырды: этноцентризм, «мен» ұстанымы.



Мавр сөзінің этимологиясындағы әртүрліліктен бұл ұғымның қара-ақ нәсілді африкандықтарға, мұсылмандарға, азиаттарға, түркілерге т.б. қатысты қолданылғанын жоғарыда айттық. Пьесаның соңында Шекспир венециандық христианды «сәлде ораған түрікке» айналдырады. Осы жерде, этноцентризм айқын көрініс беріп тұр. Бірақ ол нақты аталмаған, тарихпен және жаңа адами тәжірибемен араласып берілген. Сыншылар Майкл Бристоль мен Памела Браун Шекспирдің пьесасын трагедия емес, комедияның түсініксіз әрі қатыгез формасы деп бағалайды. П. Браун «Отеллоның» сыншылары екі ғасырға жуық уақыт пьесаны «әсемдеп», одан нәсілшілдік пен зорлық элементтерін көрсетпеу үшін барын салғанын жазады. Олардың ерен еңбектерінің арқасында пьеса өркениетті трагедия ретінде қаралып келген.

М. Бристоль мен П. Браунның пікірлері өзара сәйкес келеді, Спольски болса пьесаны автобиографиялық жұмыс деп бағалайды. Мұнда автор өзі өмір сүрген дәуірді айна-қатесіз суреттеп тұрғанын жазады.

Бристоль, Браун және Спольскидің аналитикалық жазбаларын біріктірсек, «Отелло» бас-тапқыда трагедия жанрында жазылуы тиіс болғанын, бірақ бүгінде көптеген оқырмандар мен көрермендердің ойынша, трагедия емес, ақ және қара нәсілділердің шынайы, идеологиялық айырмашылықтарын көрсеткен, нәсіл туралы дискурс сипатталған туынды екені туралы қорытынды жасауға болады. Әрине бүгінде «Отеллоны» трагедия деп танитын көрермен қалмады деуге болмайды. Көпшілік оқырмандар әлі де пьесаны трагедия жанрына жатқызып, ондағы трагедиялық элементтерге сипаттама беруге тырысады. Соған қарамастан, «Отеллоны» рекатегоризациялау үрдісі жалғасып келеді.

### Жанрдың тұрақсыздануы

Адами когнитивті жүйелер және әлеуметтік дискурс арқылы анықталатын жанр бүгінде түбегейлі тұрақсызданып барады. Бірақ тұрақсыздану кездейсоқ құбылыс деуге болмайды. Тұрақсыздану – адам санасының жүзеге асуы, адамзат тәжірибесінің салдарынан жүзеге асатын құбылыс. Элизабет Харт жанрлардың классификациясы мен реклассификациясы тәжірибеге байланысты шектеледі, бірақ, постструктуралистік сыншылардың түсіндірмелеріне ешқандай өзгеріс ендіргенін жазады. Соған қарамастан, бұл құбылыстар постструктуралистік субъективтілік және субъектіге тән қасиеттер туралы түсінігімізге әсер етеді. Спольски дарвинистік эволюциядан алған материалистік онтология – тұрақсызданудан икемділік, бейімділік терминдеріне байсалды өту дегенді білдіретінін түсіндік. Постструктурализм материализм үшін кеңістікті кеңейте отырып, эпистемология, онтология, феноменология бірін-бірін толықтырып отыратын бағыттар екенін дәлелдеді.

Алайда эпистемология да құрылымдықтан бас тартуы керек деп сенеді Э. Харт. Былайша айтқанда, эпистемология ондаған жылдар бұрын қабылдаған экстремалды антиреализмнен бас тартуы тиіс.

Когнитивті әдеби және мәдени теориялар болжамға құрылған, яғни барлық білімдер – түрлік ерекшеліктері болады деп тұжырымдайды Спольски. Когнитивті постструктурализм таным теориясы мен субъективтілік теориясының құрамдас бөлігі бола тұра, танымдық әдеби тәсілдерді қолдануы керек. Бірақ сонымен бірге ол реализмнен де алыстамауы тиіс. Когнитивті постструктурализмнің субъектісі – онтологиялық, феноменологиялық және эпистемологиялық сипаттамалардың қоспасы болып саналады. Біріншісі – онтологиялық сипаттама – субъектіге тұрақтылық үстейді. Соңғысы, яғни эпистемологиялық сипаттама субъектіге икемділік, бейімділік қасиетін үстейді. Бұл феноменологиялық тәжірибемен тығыз байланысты.

Сонымен, жанрдың реклассификациясы – когнитивті-постструктуралистік субъективтіліктің салдары, адамды белгілі бір түсінікке ендіру жолы. Жанр – алдын ала болжап болмайтын құбылыс, когнитивті және идеологиялық аппараттармен индекстеліп, әдебиет тарихының белгілі бір формасын анықтайтын құндылық.



### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Элизабет Харттың пікірінше, мәтінді интерпретациялаудың постструктуралистік тәсілі қалай шектеледі?
2. Мәтіннің қандай аспектілерін когнитивті тәсіл ретінде қарастыруға болады?

### Әдебиеттер

1. Foucault Michel. The Archaeology of Knowledge. Trans. – New York: Pantheon, 1972.
2. Johnson Mark. The Body in the Mind: The Bodily Basis of Meaning, Imagination, and Reason. – Chicago: University of Chicago Press, 1987.
3. Barthelemy Anthony Gerard. Black Face, Maligned Race: The Representation of Blacks in English Drama from Shakespeare to Southerne. – Baton Rouge and London: Louisiana State University Press, 1987.
4. Vaughan Virginia Mason. Othello: A Contextual History. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994.
5. Bristol Michael. Charivari and the Comedy of Abjection in Othello. – Renaissance Drama. – 1990. – 21. – P. 3-22.
6. Brown Pamela. Othello and Italophobia.// Shakespeare and Intertextuality: The Transition of Cultures Between Italy and England in the Early Modern Period. – Rome: Bulzoni Editore, 2000.
7. Spolsky Ellen. Gaps in Nature: Literary Interpretation and the Modular Mind. Albany: SUNY Press, 1993.